

Қарындастың дәүлескөр күйші болуды армандаиды



Айым – біздін үйдің кеңжеңі. Ол кішкентайынан күй тындағанды ұнататын. Мектеп қабырғасын атта-сымен-ақ анама «домбыра үйірмесіне барайынши» деп қынқылдап жүрді. Оған анам «сенікі жай қызығушылық. Орта жолда тастап кетесін» деп сенімсіздік танытқан. Бірақ, қарындастың айтқанынан қайтпады. Ақырында анамның келіспеске амалы қалмады.

Біз Төлеби ауданындағы №88 жалпы орта мектебіндегі оқушы едік. Осы білім ошағы жанынан «Аия» деген әнер мектебі ашылды. Анам қарындастыңды сол мектептің домбыра үйірмесіне берді. Үйірме жетекшісі Манарабек Кауымбай ағай өте білімді, сабырлы кісі. Ол Айымның талабына қуанды. Алайда, анам Айымның домбыра тартып кететініне сенімсіздікten қарауын қоймады. Әйткені, біздің өулеттен бұрын-соңда күйшілер, домбырашылар шықпапты.

Сейтіп жүрген күндердің бірінде Айым анама «Балбырауын» күйін тартып береді. Анам таң қалып, қатты қуанды. Енді ол Айымға басқаша қарай бастады. Айым үйдің түкпіріндегі бөлмеге кіріп алып, домбыра шертіп отыратын болды.

Үйірме мүшелері қайді топпен тартады. Қолдары жаттығып, тәжірибе жинаған соң олар түрлі байқауларға қатыса бастады. Айым Өзбекстанда өткен алғашқы байқауларының бірінде-ақ бас жүлдені жеңіп алды. Бұдан соң Түркістан, Шымкент қалаларында өткен байқауларға қатысып, 3 рет бас жүлде, бір мәрте 2-орынды иеленді. Осылайша «Аия» әнер тобы көпшілікке таныла бастады. Олардың арасында, өрине, менің

қарындастың да бар.

Бірде күйшілер үйірмесі облыстық байқаудан 2-ші орын иеленіп қайтты. Алайда, екінші орын алып қалғандарына қарындасты қатты қынжылды. Бұдан кейін үйірме мүшелері күн сайын дайындалатын болды. Тәжірибелерін толықтырды. Домбыраны шерту әдісін жетілдірді. Негізі күй ырғағына қарай қос ішектің бірде астын, бірде устін шымши тартыл, қайырмасын құлпыртып отыру бар. Мұны домбырашылар жақсы білсе керек. Манарабек ағай жас күйшілерге домбыра шертудің тәсілдерін үретуден жалықпады. Соның нәтижесінде келесі байқауда жас күйшілер бас жүлдеге көл жеткізdi.

Кез келген жастың бойында қабілет болады. Мәселе – сол кабілетті оята білуде, шындауда. Барлық істе қыншылық болатыны белгілі. Қандай да бір қыншылықты еңсеріп, алға ұмтылғандар ғана алға қойған мақсаттарына қол жеткізеді. Қарындастың сол мақсатына ұмтылумен келеді. Осы ретте Айым секілді жас таланттардың жолын ашып жүрген Манарабек ағайға айтар алғысымыз шексіз.

**Еркебұлан ҚУАНЫШБЕК,
М. Эузов атындағы
ОҚУ журналистика
факультетінің
2-курс студенті.**